

**100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН**

## Жамбыл ескерткіші жерде қалмайды

Жыл өткен сайын Жамбыл өнірі жаңғырып, жасарып келеді. Облыс орталығы, екі мың жылдан астам тарихы бар көне Тараз шаһары да түрлену үстінде. Бұгінгі таңда Жамбыл облысының әкімі Асқар Мырзахметовтің бастамасымен көне шаһарды көріктендіру, одан әрі абаттандыру бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Накты айтсақ, Б.Момышұлы атындағы «Женіс» саябағы толықтай жаңғыртылып, «Ерлік» мемориалдық кешені бой көтерді. Саябақ ішінен «Мәңгілік алау», «Бауыржан Момышұлы», «Ауган соғысының жауынгерлері» сынды ескерткіштер ашылып, Тараз тұрғындарының қозайымына айналды. Сонымен қатар Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жұз мыңнан астам ардагердің есімдері мәрмәр тасқа жазылды. Бұгінгі бір ғана «Женіс» саябағының өзі жас үрпақтың ата-баба ерлігіне тағзым етіп, еске алатын киелі орынға айналды.



Откен күн – ұлттың шежіресі, ата-баба ерлігінің естелігі. Сондықтан да тарихты ұмытпай, керісінше ұлықтау елдігіміздің көрінісі болмақ. Бұл ретте «Даңқ» залы ашылып, ол жерге 1,5 миллион фотосурет жиналды. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жерлестеріміз бен тыл еңбеккерлері туралы толық ақпарат беретін цифrlандырылған деректер базасы орналастырылды. Аталған ғимараттың екінші қабатынан даңқты батыр, жерлесіміз Бауыржан Момышұлының мұраларын зерттеу мақсатында «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Бұдан бөлек, саябақ аумағында Чернобыль апатына қатысқандар мен тыл еңбеккерлеріне арналған ескерткіштер орнатылып, талай жылдан бері қараусыз қалған «Үш бұлақ» жағалауы қайта жаңғыртылды. Қала орталығындағы Қайрат Рысқұлбеков атындағы саябақтың қайта жөндеуден өтуі, батыр ескерткішінің орнатылып, «Желтоқсан-86» орталығының, «Тәуелсіздік үшкіні» ескерткішінің және ұзындығы 220 метр болатын «Желтоқсан толқыны» атты әуезді субұрқақтың ашылуы да қала көркін арттыруда. Аталған саябақта Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаев, Бөлтірік шешен, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза сияқты ұлт тұлғаларының даналық сөздері жазылған архитектуралық көрнекті тақтайшалар орнатылды.

Бір сөзбен айтқанда, тарихи Әулиеата өнірі жыл өткен сайын жаңғыруда. Мәселен, темір жол вокзалы маңына «Көне Тараз» стелласы қойылып, Ы.Сүлейменов көшесінің бойындағы бұрынғы «Атшабар» аумағы толықтай жаңғыртылып, «Жастар» аллеясына айналды. Сонымен қатар туристердің назарын аудару үшін шығыстық үлгіде «Шахристан» этномәдени кешенін салу мақсатында да жұмыстар жүргізілуде. Осынау жұмыстың бәрін жергілікті жүртшылық көріп, біліп отыр. Шындығына келгенде көвшілікті көне шаһардың көркем қалаға айналып келе жатқаны қуантады.

Жамбыл облысы – еліміздегі ақын атымен аталған жалғыз өнір. Кезінде Әулиеата болған тарихи өлкеге осыдан сексен жыл бұрын Жамбыл Жабаевтың есімі берілді. Сол уақытта көзі тірі ұлы жырау «Атыңнан айналайын Әулиеата, атыңды мен алды деп болма қапа» деген екен. Алайда Жамбыл атындағы өнірде Жамбыл ескерткішінің дауы әлі бітер емес. Өткен күнге сәл шегініс жасасақ, ескі көк базардың қарсысындағы ақын ескерткіші алынған болатын. Ал ескерткіштің жаңа нұсқасы Жамбыл облысы әкімдігінің алдына орнатылған еді. Бірақ ескі ескерткішті ешкім далаға лақтырып, жарамсыз қылып тастаған жоқ. Осыдан кейін-ақ түрлі басылым беттерінде, телеарналарда Жамбыл ескерткішін ауыстыруға байланысты әрқалай ой айтылды. Әсіресе әлеуметтік желілерде бұл мәселе қызу талқыланды. Қөптеген азаматтар ашық қарсылық та білдірді. Әрине әркімнің өз пікірі бар. Алайда «Біткен іске сыншы көп» дегендей, байыбына бармай байбалам салғандар да жетіп-артылды. Бұл ретте біз Тараз қаласының әкімі Қайрат Досаевтың қабылдауында болып, істің мән-жайын сұрадық. «Игілікті істен ілік іздеу «Өнбейтін істі өспейтін елдің баласы қуады» дегенге келеді. Жамбыл Жабаевтың бұрынғы ескерткішінің облыс әкімдігінің алдына қайта қоюға жарамсыз екендігін біле тұра, шу көтергісі келген кейбір азаматтардың әрекеттері түсініксіз. Ескерткіштің орнатылғанына жарты ғасырдан астам уақыт өткенмен оған тиісті күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендігі, сапасыз жамай салу, сырлай салу ескерткіштің алғашқы нұсқасын өзгертіп жатқандығы, қала орталығы уақыт легімен өзге орынға ауысып, ескерткіштің базар бойында, жолайрығында қала беруі бұрын неге сөз болмаған? Бүгінгі сөзуар «жанашырлар» сол кезде қайда қараған деген ой келеді», дейді Қайрат Досаев.

Жамбыл Жабаевтың ауыстырылған бұрынғы ескерткіші 1963 жылы тұрғызылған. Ол қазақтың біртуар ұлы Хакімжан Наурызбаевтың туындысы. Бұл ескерткіштің жоғары деңгейдегі өнер мұрасы екенінде дау жоқ. Бірақ осы уақытқа дейін тозығы жетіп, ескерткіштің өзі бұлінген. Мәселен, соңғы жылдары Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияда да осы ескерткішті сақтау және қалпына келтіру жұмыстары қаралмаған. Ал енді, жарты ғасыр бойы облыс орталығында тұрған Жамбыл ескерткішінің жайына келсек, нысанға өткен

жылы 19 шілде күні «Қазгеоархеология» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тараپынан сараптама жұмыстары жүргізілген. Бірақ сараптама нәтижесінде мұсін бойының жалғанған бөліктерінің арасында, арқасы мен қолтығында және төменгі етектерінде күрделі жарықтардың пайда болғандығы, мұсіннің сыртқы қабатындағы бояулардың қабыршықтанып, жақпалардың көтеріліп, қауіпті темір қактардың пайда болғандығы, сапасыз жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарының себебінен алғашқы беріктігін жоғалта бастағаны анықталған. Дей тұрғанмен, Жамбыл ескерткішінің бұрынғы орнынан облыстық әкімдіктің алдына көшірілуі көп әңгіме болды. Көшілік ескі ескерткіштің қайда кеткенін сұрап, сөз қылып жатты. Бірақ оны да далаға лақтырып тастаған ешкім жоқ еді. Жуырда ғана ұлы жыраудың шөбересі Мұратхан Жамбылов Таразға келгенде, облыс әкімі Асқар Мырзахметов осы мәселені айтқан болатын. Сонда бұл мәселеге біржола нүктө қойылғандай еді. Бірақ әлі де болса Хакімжан Наурызбаев туындысын кәдеге асыру жоспарда бар. Енді оның нақты қай жерге қойылатыны әзірге анықталған жоқ. Оған әлі де күрделі жөндеу жұмыстары қажет. Ал облыстық әкімдіктің алдына орнатылған жаңа ескерткіш те ойластырылмай жатып қойыла салған дүние емес.

«Аталған мәселеге нақтырақ тоқталатын болсақ, облыс зиялышы, қала ардагерлері облыс әкіміне жолайрықта қалған Жамбыл ескерткішін лайықты жерге орналастыру туралы, оның ішінде облыс әкімдігі ғимаратының алдына қою туралы ұсыныс білдірген болатын. Облыс әкімі осы ұсынысты қолдап, облыс әкімдігі ғимаратының алдына ескерткішті қоймастан бұрын арнайы абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Абаттандыру барысында әуенде субұрқактар орнатылып, орындықтар, жарықшамдар қойылып, гүлзар жасалып, қала тұрғындары үшін демалыс орнына айналдырыды. Ескерткішті көшірмес бұрын оның жағдайына сараптама жасалды», дейді қала әкімі.

Тараз қалалық әкімдігінің мәліметі бойынша, биыл тамыз айында бұрын қолданыста болған Жамбыл Жабаев ескерткішінің қазіргі жай-күйіне акт жасалды. Аталған құжатқа еліміздің Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов бастап, Суретшілер одағының жауапты хатшысы Жамбыл Натбаев, Суретшілер одағы мұсіншілер секциясының төрағасы Марат Әмірханов және мұсінші Елдос Бексұлтан сынды азаматтар қол қойған. Аталған актіде «2019 жылы 24 шілдеде актпен өткізілген мұсінші Т.Бинашев пен Қ.Сағынтаевтың «Ақын Ж.Жабаевтың» мұсініне жасалған жөндеу жұмыстары талапқа сай келмейді. Себебі 2019 жылы 16 мамырда С.Қалиев төрағалық еткен комиссия жасаған акт бойынша жұмыс істеу керек болған. Күрделі жөндеу үшін корпусы ашылып, ішкі тоттардан тазалау керек, тірегіштерді қарап, ауа ағым (вентиляция) жолдарын ашып, дұрыс жолға қою керек болатын. Шіріген жерлерінің қалыбын алып, сосын жарамсыз жерлерді кесіп тастап, бастапқы қалыпқа келтіру керек еді. Жарылған (сызат берген) жерлер дәнекерлеуді талап етеді. «Тесіктер» желіммен (шпаклевка) толтырылып, дәнекерлеу орнына желімделіп қойылған. Ең негізгі қауіп – терең тотты тазалау, оны тоқтату мәселесі мұлдем қаралмаған. Комиссия

анықтаған кемшіліктер орындалмаған», деп жазылған. Сөйтіп Ө.Жұбаниязов тәрағалық еткен комиссия мүсіннің қазіргі жай-күйін ескере отырып, Жамбыл ескерткіші 1963 жылы орнатылғаннан бері күрделі жөндеуден өтпегенін ескертіп, нысанның жоғары деңгейдегі өнер мұрасы, үздік туынды екендігін ескере отырып, жөндеу жұмысына қәсіби мамандарды жұмылдыру қажеттігін айтқан. Нәтижесінде, одақ мүшелері Жамбыл облысының әкімі Асқар Мырзахметовтің қабылдауында болып, ескерткіштің бүгінде жарамсыз екендігін алға тарта отырып оны Алматы қаласындағы Суретшілер одағының мүсіншілер базасында қайта жөндеу жұмыстарын ұсынған. Ал Асқар Мырзахметов алдағы уақытта ескерткіш тиісті жөндеуден өтіп, қайта қоюға жарамды болғанда өнірдегі зиялы қауыммен келісе келе тұрғындардың да пікірін ескере отырып, Тараз қаласының көрнекті жеріне орнатылатынын айтты. «Ескерткішті ешкім лақтырып тастап отырған жоқ. Қайта қоюға жарамсыз болғаннан кейін арнайы жерде сақталуда. Ендігі жерде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгені отыр. Ол үшін Тараз қаласының әкімдігі тиісті жұмыстарды ұйымдастыруда», дейді қала әкімі Қайрат Досаев.

«Жырға» айналған Жамбыл ескерткішінің бүгінгі жайы осынданай. Алдағы уақытта ақынның бұрынғы ескерткіші өз орынын табады деген сенім бар. Тек болған істі бұра тартпай, қайта қолдау көрсету елдіктің, ауызбіршіліктің көрінісі болмақ. Бұдан бөлек, келешекте өнірден «Тектүрмас» этно-тарихи кешені салынып, туристер мен Тараз тұрғындары тарихы терең Әулиеата өнірінің өткенін тамашалайтын болады. Жалпы, ел аузында Әулиеата туралы аңыздар көп сақталмаса да, барышылық. Көп аңыздың дені оны Қарахан батырмен байланыстырады. Аңыз бойынша Қарахан Айша бибінің қайтыс болған жеріне мазар тұрғызып, жанынан өзіне бір орын қалдырыпты деседі. Содан соңдуниден өтер шағына дейін Айша бибі мазарын күзетіп өмір сүрген екен. Сондықтан да оны ел әулие атап, сол жерді Әулиеата атап кетіпті дейді. Ендігі жерде Тараз қаласынан биiktігі жиырма метрден асатын Әулиеата ескерткіші де бой көтеретін болады. Бұл да бойында ұлттық рух, болмысында тектілік шалқыған шынайы туынды болмақ. Жалпы алғанда, біз үшін Әулиеата мен Жамбыл Жабаев есімдері егіз ұғым. Ел есінде әулие тектес ақын болып қалған ұлы жыраудың еңселі ескерткіші тұғырына қайта көтерілетін күн алыс емес. Ал облыстың бас ғимаратының алдына қойылған ескерткіш өз орнын тапқан дүние дер едік.

Хамит ЕСАМАН